

Акционерлік қоғамның үлгі жарғысын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 142 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қыркүйектегі N 852 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.16 N 852 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Акционерлік қоғамның үлгі жарғысы бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 6 а қ п а н д а ғ ы
N 1 4 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Акционерлік қоғамның үлгі жарғысы

1. Жалпы ережелер

1. _____ акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қоғам) осы Жарғысы* оның атауын, орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: _____;
- 2) орыс тілінде: _____.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: _____;

2) орыс тілінде: _____.

4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: _____.

2. Қоғамның заңдық мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары болады, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талап қояды және жауап береді.

6. Қоғамның өз атауы және өзге де деректемелері жазылған, оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі және бланкілері болады.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқығы.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен оның мекен-жайынан тысқары орналасқан, заңды тұлғалар болып табылмайтын және олар туралы Ереже негізінде өз атынан және қоғамның тапсыруы бойынша филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

3. Қоғамның және акционерлердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік атқарады.

11. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік атқармайды. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты оның міндеттемелері бойынша мемлекет жауап бермейді.

4. Қоғам қызметінің негізгі түрлері

13. Негізгі қызмет түрлері мыналар болып табылады: _____

_____.

5. Қоғамның мүлкі және капиталы

14. Қоғамның мүлкі мыналардың есебінен құралады:

- 1) акционерлер қоғам акцияларына ақы төлеуге берген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүлік.

15. алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

16. алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

6. Акциялар, облигациялар.

Бағалы қағаздарды орналастыру шарттары

17. Қоғам жай акцияларды не жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

18. алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

19. алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

20. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге акционерлердің жалпы жиналысына дауыс беру құқығымен қатысу құқығын, акционерлердің жалпы жиналысының тиісті шешімі негізінде қоғамда таза кіріс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жыл/тоқсан/жарты жылдық (қажеттісінің астын сызу) қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

21. Қоғамның артықшылықты акциясы оның иесіне: акционерлер, жай акцияларды ұстаушылар алдында _____ мөлшерінде (артықшылықты акция бойынша белгіленген түрдегі немесе оның мәні реттелетін және жалпыға ортақ қол жетерліктей болған кезде қандай да бір көрсеткішке қатысты индекстеумен дивидендтің кепілді мөлшері көрсетіледі) дивидендтер алуға басым құқық береді;

қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мүлктің бір бөлігіне құқық береді.

Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу кезеңділігі _____.

Артықшылықты акция акционерге:

1) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларды иеленетін акционердің құқығын шектеуі ықтимал мәселені қараған жағдайда. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеуді жақтап орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының үштен екісінен кем емес дауыс берген жағдайда қабылданды деп саналады;

2) қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселе қарағанда;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толық көлемде төленбеген жағдайларды қоспағанда, қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

22. Акцияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі акцияларды шығару проспектісінде белгіленеді.

23. Акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленеді.

24. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

25. Қоғам қосымша қаражат тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру, айналысқа жіберу, олар бойынша сыйақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды сатудан түскен қаражатты пайдалану шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және облигацияларды шығару проспектісінде айқындалады.

7. Таза кірісті бөлу тәртібі.

Акциялар бойынша дивидендтер

26. Қоғамның таза кірісі (салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) қоғамның басқаруында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысының шешімінде көзделген өзге де мақсаттарға жіберіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысымен жай акциялар

бойынша дивидендтер төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға қ ұ қ ы л ы .

Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу осы Жарғының 27-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, қоғам органының шешімін талап етпейді.

Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ, егер сот немесе акционерлердің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім шығарса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

Ескерту. 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

27. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) меншікті капиталының мөлшері теріс болған кезде немесе қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болғанда;

2) егер ол Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем жасауға қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде п а й д а болса ;

3) дивидендтер есептеуге жол берілмейді.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8. Қоғамның органдары

28. Қоғамның органдары:

1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (егер қоғам акцияларының барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса - о с ы а к ц и о н е р) ;

2) басқару органы - директорлар кеңесі;

3) атқарушы органы - басқарма немесе атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға (Атқарушы директор);

4) алынып тасталды - 2005.12.23. N 1282 қаулысымен.

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

29. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мынадай мәселелер ж а т қ ы з ы л а д ы :

1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа р е д а к ц и я м е н б е к і т у ;

1-1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен

т о л ы қ т ы р у л а р д ы

б е к і т у ;

2) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қ а б ы л д а у ;

4) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

5) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын а й қ ы н д а у ;

6) қоғам аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;

7) жылдық қаржылық есепті бекіту;

8) қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл қорытындысы бойынша дивиденд мөлшерін б е к і т у ;

9) Заңның 21-бабының 5-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ы ;

10) қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қоғамның қ а т ы с у ы т у р а л ы ш е ш і м қ а б ы л д а у ;

11) алынып тасталды - 2005.12.23. N 1282 қаулысымен.

12) алынып тасталды - 2005.12.23. N 1282 қаулысымен.

13) қоғамның акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлау нысанын айқындау және осындай ақпаратты баспасөз басылымында орналастыру туралы шешім қабылдау;

14) қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау ә д і с т е м е с і н б е к і т у ;

15) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

16) акционерлерге қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, егер осындай тәртіп қоғамның жарғысында айқындалмаса;

17) "алтын акцияны" енгізу және жою;

18) шешімін қабылдау Заңмен және осы жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Жалпы жиналыстың шешімдері мына мәселелер бойынша:

1) қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциямен бекіту;

2) қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) қоғамның жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;

қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Жалпы жиналыстың қалған мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай басым көпшілігімен қабылданады.

Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

30. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысында қоғамның коммерциялық құпиясын құрамайтын мәселелерді талқылау кезінде қоғамның акционерлері болып табылмайтын тұлғалар қатыса және сөз сөйлей алады. Көрсетілген тұлғалардың акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

31. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізу тәртібі, оның ішінде:

1) акционерлердің жылдық, кезектен тыс және қайта шақырылатын жиналыстарына шақыру;

2) акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар тұлғалардың тізімін жасау;

3) акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабардар ету;

4) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін қалыптастыру және оған кіретін мәселелер бойынша материалдар дайындау;

5) акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау;

6) есеп комиссиясын қалыптастыру және оның қызметі;

7) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу;

8) акционерлердің жалпы жиналысында шешімдер қабылдау;

9) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру;

10) акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасын жасау тәртібі Заңмен айқындалады.

32. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындылары _____ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Ескерту. 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

33. Заңмен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасауды қоғамның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

34. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) қоғам қызметінің басымды бағыттарын айқындау;
2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) қоғамның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;

6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есепті қаржы жылында төленетін дивидендтерді қоспағанда бір жай акцияға дивидендтің мөлшерін айқындау;

7) қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;

8) атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) лауазымдық жалақылардың мөлшерін және атқарушы органның басшысының және мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның) еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу шарттарын айқындау;

10) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйақы төлеу мөлшерін және шарттарын айқындау;

11) бағалаушының және аудиторлық ұйымның қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

12) **алынып тасталды - 2005.12.23. N 1282 қаулысымен.**

13) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

14) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) қоғамның басқа ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

16) қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталының он және одан көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

17) бұрынғы тіркеушімен шарт бұзылған жағдайда қоғамның тіркеушісін таңдау ;

18) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелер және жасалуында қоғамның мүдделілігі бар мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау .

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

35. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі Заңмен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің _____ мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады.

Қоғамның директорлар кеңесі директорлар кеңесінің _____ мүшесінен және оның төрағасынан тұрады, олардың әрқайсысының дауыс беру кезінде бір дауысы болады .

Директорлар кеңесін өткізуге арналған кворум директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 және одан көп пайызын құрайды.

Дауыстардың саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады .

Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

36. Мына тұлғалар :

жоғары не орта арнаулы білімі жоқ;

заңмен белгіленген тәртіппен сотталғандығы өтелмеген немесе алынып тасталмаған ;

бұрын банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкроттық консервация, санация, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде осы тұлғаға басшылық жасаған уақытта директорлар кеңесінің мүшесі болмайды.

(Көрсетілген тізбе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша толықтырылуы мүмкін).

Атқарушы органның басшысы (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

37. Директорлар кеңесін сайлау және қызметінің тәртібі, оның ішінде:

1) құрамы және оның өкілеттік мерзімі;

2) мәжілістерін шақыру және өткізу тәртібі;

3) дауыс беру және мәжіліс хаттамасын ресімдеу тәртібі Заңмен белгіленеді.

38. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

Сырттай дауыс беру директорлар кеңесін шақыруға бастамашы болу құқығы бар тұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда - атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (мә с е л е л е р) б о л у ы т и і с .

Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселе (мәселелер) бойынша материалдар директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірілмей жіберіледі (т а р а т ы л а д ы) .

Б ю л л е т е н ь д е :

- 1) қоғамның толық атауы;
- 2) мәжілісті өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні;
- 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе (м ә с е л е л е р) ;
- 5) "иә", "жоқ", "қалыс қалдым" деген сөздермен білдірілген дауыс беру н ұ с қ а л а р ы ;
- 6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып жазбаша түрде р е с і м д е л е д і .

39. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты қоғам қызметінің қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешім қабылдайтын атқарушы органы - Басқарма (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) жүзеге а с ы р а д ы .

Атқарушы орган _____ мүшеден тұрады.

Басқарманың мәжілісі қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына кем дегенде бір рет , Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады.

Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің қарапайым көпшілік дауыстарымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға Басқарманың осы мәжіліске қатысқан барлық мүшесі қол қояды.

40. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады/құрылмайды (қажеттісінің астын сызу).

Ол құрылған жағдайда, қоғамның ішкі аудит қызметі _____ мүшеден тұрады

және қоғамның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері қоғамның директорлар кеңесінің және атқарушы органының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өзінің жұмысы туралы есеп береді.

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8-1. Қоғамның ірі акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты қоғамға ұсынуы

Ескерту. 8-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

40-1. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі ұсынған мәліметтер негізінде жүргізеді.

40-2. Қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты мынадай көлемде ұсынады:

Жеке тұлғалар туралы:					
Тегі, аты, әкесінің аты (болса)	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері және жеке тұлғаның тұрғылықты жері туралы мәліметтер	Туған күні	Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе
Заңды тұлғалар туралы:					
Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, заңды тұлғаның почталық мекен-жайы және іс жүзінде орналасқан жері		Аффилиирленгендігін тану үшін негіздемелер	Аффилиирленгендігінің пайда болған күні	Ескертпе

40-3. Қоғамның акционерлері мен аффилиирленген тұлғалары аффилиирленген тұлғалар туралы ақпаратты тұлғаларды аффилиирленген деп

тану үшін негіздемелер пайда болған (жойылған) күнінен бастап не акциялар сатып алынған (қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шарты жасалған) күнінен бастап 7 күн ішінде ұсынады.

9. Қоғамның ақпаратты ашуы

41. Қоғам өз қызметі туралы, қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты өзінің акционерлеріне Заңға және осы Жарғыға сәйкес назарына ж е т к і з е д і .

Акционерлік қоғам және оның акционерлері өзінің хабарларын және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті түрде жариялайтын басқа ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдары _____

Ескерту. 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.23. N 1282 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

42. Акционердің талап етуі бойынша қоғам акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

43. Акционер ақпарат алу мақсатында қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындау шығыстарының құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

10. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату

44. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы және таратылуы мүмкін.

45. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

11. Қорытынды ережелер

46. Қоғам осы Жарғымен реттелмегендер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

47. Осы Жарғы белгіленген заңнамалық тәртіппен оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының)
қолдары (жарғыны құрылтай жиналысы (жалғыз
құрылтайшы) бекіткен кезде)
н е м е с е
уәкілетті тұлғаның қолы (жарғыны акционерлердің
жалпы жиналысы (жалғыз акционер)
бекіткен кезде)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК